

«Қазтұтынуодағының Қостанай жоғары экономикалық колледжі» мекемесі
Учреждение «Костанайский высший экономический колледж Казпотребсоюза»

Сабактың әдістемелік әзірлемесі
Методическая разработка урока

Тақырып: Несиеленуді ұйымдастыру


Тема:

Пәні бойынша: Банк ісі

По дисциплине:

Мамандығы бойынша: 0516000-Қаржы

По специальности:

Есеп және аудит кафедра
отырысында қаралды
Рассмотрена на заседании
кафедры учёта и аудита
Хаттама № /Протокол №
5 от «04» /12 2020 ж / г
Кафедра басшысы:
Руководитель кафедры:
 А.Б.Казыбай

Мазмұны

1. Кіріспе
2. Негізгі бөлім
3. Қорытынды
4. Қосымшалары
5. Әдебиеттер тізімі

Кіріспе

Соңғы он жылдықта балалардың интеллектуалды және эмоционалды жетілуінде кедергілер байқалады. Кәсіптік білім беруде ой-өрісі, білім деңгейі нашар жетілген оқушылармен жұмыс жасағанда белгілі қиындықтарға кездеседі.

Білім берудің қазіргі заман талабы – оның ашықтық кейіпі, яғни әр оқушының жан-жақты іс-әрекетін кеңейтіп, оның өмірлік кәсіби шеберлігін арттыру және қалыптастыру қазіргі сапа стандартының кәсіптік білім беру саласы бойынша берген нұсқауларынан, оқушылардың тіл байлығының қалыптасуына басты көңіл аударатырып, олардың біліктіліктеріне төмендегідей талаптар қойғандығын көруге болады:

- топпен бірге шешім қабылдай білу;
- ситуациялық шиеленістерді өз бетімен шеше білу;
- ерекшеліктерді ажырату;
- қарым-қатынас жасап, талдай білу;
- термин сөздерді түсініп, жаңа сөздермен таныса білу.

қазіргі кезде еліміздегі барлық ғылым мен білім саласы, жаңа технология ену арқылы жаңғырып, жанару үстінде.

Оқыту деп аға ұрпақтың білімін, біліктілігін, жинақтаған тәжірибелерін, үйрету шеберлігін жас ұрпаққа беруді айтады.

Оқыту жүйесінің құрамына: сабақтың мақсаты, мазмұны, жәй технологиялық әдістемелер, көрнекілік (жеткізу) құралдары жатады.

Пәндік технология – жеке әрекеттер технологиясы, ұғымдар мен қасиеттерді қалыптастыру, жаңа материалды меңгеру, қайталау және бақылауды ұйымдастыру.

Деңгейлеп (модульдеп) оқыту арқылы оқушы біріншіден, сабақ басталған соң не істеу керектігін, яғни сабақ барысында нені біліп шығатындығын біледі. Екіншіден, топ болып жұмыс істеу кезінде өз пікірінің дұрыстығын, қатесін көріп, топ болып шешім қабылдайды. Үшіншіден, жеке басының мүмкіндігі мен қабілетін сезінеді. Төртіншіден, оқушы ізденіп, мақсатқа жетуге талпынады.

Материалды блоктап (тараулап) беру, түсіндіру, оны дұрыс қорытуға, тараудағы тақырыптың байланыстарын танып білуге мүмкіндік береді. Мысалы: бір тарау толық түсіндірілді, келесі сабақтарда: тест тапсырмалары, ойын = сабақ (жұбыңды тап және т.б...), брейн-ринг сұрақтары, ребус, сөзжұмбақ, сұрақ-жауап арқылы сабақ қорытындыланады, бағаланады.

Осындай сабақтың үлгісі төмендегіше жасалып іске асырылады.

Негізгі бөлім

Сабақтың тақырыбы: Несиелеуді ұйымдастыру

Мақсаты: *Білім беру / Образовательные:* Несиелеуді ұйымдастырудың мәні мен мағынасын ашу, несие алу үшін қажетті құжаттар тізімін білу және несиелік келісім-шартпен танысу.

Дамыту / Развивающие: Оқушының шығармашылық ойлау, талдай білу және салыстыра білу қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелеу / Воспитательные: Жүріс-тұрыс, қарым-қатынас мәдениеті, ұқыптылыққа тәрбиелеу, пәнге деген қызығушылығын арттыру, кәсіптілікке тәрбиелеу.

Сабақ түрі: Аралас

Сабақ барысы:

1 Үй жұмысын тексеру, яғни өткен тақырыпты қаншалықты меңгергендігін анықтау. Оған 20 минут уақыт жоспарланған.

Топты 3 шағын топқа бөлу және бір біріне сұрақтар қойғызу арқылы үй тапсырмасын тексеру. «Қаржыгерлер», «Менеджерлер», «Экономисттер»

Топ өзара сұрақтарға жауап беріледі.

1. Несиелік пайызды есептеудің неше әдісі бар;
2. Несиелік пайызды есептеуге қандай факторлар әсер етеді;
3. Несиелеу принциптері;
4. Кепілзаттың иесіне қатысты неше түрі бар;
5. Депозит дегеніміз не;
6. Депозиттік емес тартылған қаражаттар дегеніміз не;
7. Ұлттық банк қызметтері;
8. Овернайт несиесі дегеніміз не;
9. Тұтыну несиесі дегеніміз не;

2. Жаңа сабақты меңгеру кезеңі.

Еліміздегі инновациялық (жаңаша) экономикалық өзгерістерге байланысты оқушының ой-өрісін дамыту жолдарын анықтауға байланысты осы сабағының маңызы зор.

Бұл сабақта оқушының теориялық білімін практикамен ұштастыруға мүмкіндік береді. Сабақ барысында оқушылар кәсібіне сәйкес жаңа сөздермен (терминдермен) таныс болады..

Ең алдымен жаңа сабақты сұрақтарға бөліп түсіндіріп, ең негізгілерін жазғызу.. Құжаттармен таныстыру.

1 сұрақ. Оқытушы тірек конспект арқылы және тақтаға жазу арқылы түсіндіру.

2 сұрақ.

Оқушылармен Сұрақты қорытындылау және келесі сұраққа көшу.

кеңесе отырып баяндау элементтері бойынша және оқушыларды қатыстыра отыра рөлдік сұхбат өткізу. Яғни жеке тұлғалар мен заңды тұлғаларға қатысты несиелеу құжаттарын жеке қарастыру. Басқа банктердегі несиені құжатталуы туралы оқушылар өздері баяндайды.

Сұрақты қорытындылау және келесі сұраққа көшу.

3 сұрақ Оқушылармен кеңесе отырып баяндау, несиелік келісім-шарт үлгісімен таныстыру. Несиелік келісім-шартты оқушыларға танысу үшін беру және әр бөлім бойынша оқушы тұрып не түсінгендігін қысқаша айтып береді және оқушылар негізгелерін жазады.

Сұрақты қорытындылау.

Оқушы тұлғасын дамыта отырып, сабақтардың тиімділігін арттыруда мына жайттарды басшылыққа алған жөн:

—жаңа материалды оқып үйренуге және оқып игеруге деген оқушының қызығушылығын тудыру;

—оқушыға берілетін тапсырманы оқушы қабілетін ұштайтындай қиялын дамытатындай етіп әзірлеу;

—білімді дайын күйінде бермей ,оқушының өзі ізденуді қажет ететіндей етіп ұйымдастыру.

Егер біз оқушының өзіндік дұрыс ұйымдастыра білсек,олардың бойында кәсіби шеберліктің негіздерін қалыптастыра аламыз.Өзіндік жұмыста лекцияны жазу,практикалық сабақтарға дайындалу,баяндама,курстық жұмыстар жазу сияқты күрделі жұмыстар басым болса,оқушы тиянақты,еңбектенуге дағдыланады.

3.Бағалау.Оқушылардың балдарын есептеу арқылы бағалау.

Тақырыпты бекіту мақсатында оқушыларға мынадай тапсырмалар беріледі:
Сұрақтар қойылады:

1. Қарыз алушы дегеніміз кім?
2. Несиелеу процесінің негізгі кезеңдері?
3. Жеке тұлғалар үшін қажетті құжаттар ?
4. Заңды тұлғалар үшін қажетті құжаттар?
5. Несиелік келісім-шарттың негізгі бөлімдері қандай?

Тест тапсырмасы.

4.Үй тапсырмасын беру:2 минут

—оқушының келесі сабаққа орындап келетін тапсырмасы,

— оқушының белгілі мерзімге орындайтын тапсырмасы.

Оқытуда биік нәтижеге жетудің маңызды жолы – оқушыларға әңгіме элементін қоса отырып,лекциямен жұмысты дұрыс ұйымдастыра білу.

Оқушының лекция жұмысының негізгі жолдары:

—лекцияға дайындалу,

—өткен лекцияны қайталау,

—лекциядағы тақырып мазмұнын толықтыру.

Лекция арқылы біз оқушыны өз бетінше ізденуге,қорытындалауға тәрбиелейміз,яғни ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасап,өз ойын баяндауды үйренеді.

Үй тапсырмасы(өзіндік жұмыс берілгенде,мына мақсаттар көзделуі тиіс):білім алуға,білімді пайдалануға,теориялық білімді практикада (өз тәжірбиесінде) қолдана білуге,сұраққа өздігінен жауап бере білуге үйрету,т.с.с.

Оқушы тұлғасының дамуын көздейтін білім беру үрдісінің түрлі амалдарын анықтау қажет. Үй тапсырмасы: несиелеудің мәні мен мағынасын түсініп оқу, жаңа сөздерді жағтау,. «Банк ісі» С.Б.Мақыш 277-287 бет

Қорытынды

Қорыта келе, аңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік және көптеген адами қабілеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Оқыту мен тәрбиелеуге тың әдіс-тәсілдер енгізілді. Нәтижесінде тұтас педагогикалық үрдістер өзгертіліп, білім берудің тиімді деп танылған жаңа технологиялары дүниеге келеді. Кез-келген оқыту технологиясы мұғалімнен терең теориялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімді, үлкен педагогикалық шеберлікті, шәкірттердің жан дүниесіне терең үңіліп, оны ұғына білуді талап етеді. Сондықтан оқушының рухани өсуіне жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды қабылдауға даяр, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын педагогтар ғана бүгінгі қоғамның мүддесі мен әр баланың үрдісінен шыға алады. Ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім, жеке тұлғаны тек қана педагог қалыптастыра алады.

Сабақ жоспары / План занятия (урока) №

Мамандық / Специальность: «Қаржы» 0516000

Пән / Предмет: «Банк ісі»

Топ / Группа : Фказ-

Күн / Дата:

Тақырып / Тема: Несиелеуді ұйымдастыру".

Сабақтың түрі / Вид занятия : Аралас сабақ

Сабақтың мақсаты / Цели:

Білім беру / Образовательные: Несиелеуді ұйымдастырудың мәні мен мағынасын ашу, несие алу үшін қажетті құжаттар тізімін білу және несиелік келісім-шартпен танысу.

Дамыту / Развивающие: Оқушының шығармашылық ойлау,талдай білу және салыстыра білу қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелеу / Воспитательные: Жүріс-тұрыс, қарым-қатынас мәдениеті, ұқыптылыққа тәрбиелеу, пәнге деген қызығушылығын арттыру,кәсіптілікке тәрбиелеу.

Әдістемелік/ Методическая:Педагогиканың жаңа технологияларының көмегімен оқушылардың белсенділігін арттыру.

Біліктілік талаптарын білу / Квалификационные требования:

Білу керек/Должен знать: Несие туралы жалпы түсінік, несиелік қатынасты білу.

Іспен үйрену/Должен уметь: Несиені ұйымдастырыла білу, келісім-шартты толтыра білу.

Сабақтың жабдықтары / Оборудование урока: Тақта

Жұмыс орны / Рабочие места: 216 дәрісхана

Көрнекілік құралдар / Наглядные пособия: сызбалар, үлестірмелі парақшалар.

Үлестірімді құралдар /Раздаточный материал: БТА банктің несиелік келісім-шарты, банк парақшалары,тест тапсырмалары.

Әдебиет /Литература: «Банк ісі» С.Б.Мақыш

Пәнаралық байланыс / Межпредметные связи: Қаржы және несие, Қаржылық есеп, Экономика негіздері, Кәсіпорын қаржысы.

Уақыты	Сабақ этаптары	Оқытушының іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
1 мин	I Ұйымдастыру кезеңі	Сәлемдесу,оқушыларды түгендеу, оқушылардың сабаққа дайындықтарын тексеру	Амандасады, староста мәлімдеме парақшасын ұсынады.

10мин	II Оқушылар білімін тексеру	Өткен сабақ бойынша білімдерін тексеру. Топты 3 шағын топқа бөлу және бір біріне сұрақтар қойғызу арқылы үй тапсырмасын тексеру. «Қаржыгерлер», «Менеджерлер», «Экономисттер»	Бір біріне сұрақтар қояды және жауап береді.
2 мин	III Оқушылардың жаңа сабақты меңгерулеріне дайындық	Оқушылардың жаңа сабақты меңгерулеріне дайындық: 1)Тақырыбын «Несиелеуді ұйымдастыру» баяндау. 2)Сабақтың мақсатын баяндау. 3)Тақырыптың маңыздылығын және болашақта мамандықпен байланыстыру.	Тыңдайды, тақырыпты жазып алады.
55 мин	IV Жаңа білімді игеру	Жаңа сабақты баяндау. Тақырыбы: «Несиелеуді ұйымдастыру» баяндау Жоспарды баяндау: 1) Банк ссудаларын беру тәртібі. 2) Несиені алу үшін қажет құжаттар. 3) Несиелік келісім шарт. <u>1сұрақ.</u> Оқытушы тірек конспект арқылы және тақтаға жазу арқылы түсіндіру. Сұрақты қорытындылау және келесі сұраққа көшу. <u>2 сұрақ.</u> Оқушылармен кеңесе отырып баяндау элементтері бойынша және оқушыларды қатыстыра отыра рөлдік сұхбат өткізу. Яғни жеке тұлғалар мен заңды тұлғаларға қатысты несиелеу құжаттарын жеке қарастыру. Басқа банктердегі несиені құжатталуы туралы оқушылар өздері баяндайды. Сұрақты қорытындылау және келесі сұраққа көшу. <u>3 сұрақ</u> Оқушылармен кеңесе отырып баяндау, несиелік келісім-шарт үлгісімен таныстыру. Несиелік келісім-шартты оқушыларға танысу үшін беру және әр бөлім бойынша оқушы тұрып не түсінгендігін қысқаша айтып береді және оқушылар негізгелірін жазады. Сұрақты қорытындылау.	Тыңдайды, сұрақтар қояды, дәптерге жазады, талқылауға қатысады. айтады, сұхбатқа қатысады, алдын-ала дайындалған тапсырманы баяндайды.Келісім-шарттың мазмұнымен танысып, түсінгендерін айтады.
7мин	V Жаңа тақырыпты	Тақырыпты бекіту мақсатында оқушыларға мынадай тапсырмалар беріледі: Сұрақтар қойылады:	Тыңдайды, жауап береді, тестті орындайды.

	бекіту	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қарыз алушы дегеніміз кім? 2. Несиелеу процесінің негізгі кезеңдері? 3. Жеке тұлғалар үшін қажетті құжаттар ? 4. Заңды тұлғалар үшін қажетті құжаттар? 5. Несиелік келісім-шарттың негізгі бөлімдері қандай? <p>Тест тапсырмасы.</p>	
2 мин	VI Үй жұмысы	Үй тапсырмасы: несиелеудің мәні мен мағынасын түсініп оқу, жаңа сөздерді жаттау,. «Банк ісі» С.Б.Мақыш 277-287 бет	Оқушылар үй тапсырмасын жазып алады.
3 мин	VII Қорытындылау	Сабақты қорытындылау. Оқушыларды бағалау.	Тыңдайды, қорытындылауға қатысады.

Оқытушы: Аленова С.Т.

Қосымшалар

Банктік займды алуға арналған сауалнама нысаны (жеке тұлғаларға арналған)

1. Жеке басы туралы мәліметтер

	Қарыз алушы	Тең қарыз алушы
Тегі	Тасмағанбеттегі	Мақыштегі
Аты	Бақытжан	Үкіжан
Әкесінің аты	Жапарбайұлы	Биханқызы
Туған жылы	15 қараша 1968 ж	9 тамыз 1968 ж.
Туған жері	Байқоңыр кеңшары	Байқоңыр кеңшары

СТГН	600610178371	600610123561
Жеке куәлігінің №	004742233	004742236
Кіммен берілген	ҚРИМ	ҚРІМ
Берілген күні	27.01.1998 ж.	26.01.1998 ж.
Жарамды уақыты	15.11.2013 ж.	09.08.2013 ж.
2. Сұрайтын несиенің шартты		
Сомасы	1 200000 теңге	
Мерзімі	3 жыл	
Бастапқы салымы	400000	
Несиенің мақсаты	Автомобиль сатып алу	
Несиенің қамтамасыз етілуі	3 бөлмелі пәтер	
3. Мекен-жайы		
	Тіркеуде тұрған жері	Нақты тұратын жері
Индекс	480055	480055
Қала	Алматы қ.	Алматы қ.
Көшесі	М. Жалел	М. Жалел
Үй	3	3
Пәтері	10	10
Телефоны	71-01-80	71-01-80

4. Жанұя құрамы

Туысқандық дәрежесі	Аты-жөні	Жасы, әлеуметтік мәртебесі
кызым	Жапарбайтегі Әзиза	15 жаста, оқушы
ұлым	Жапарбайтегі Абай	13 жаста, оқушы

5. Білім туралы мәліметтер

Білімі	Оқу орны	Мамандығы
Жоғары	Орталық-Азия университеті	заңгер

6. Жұмысы мәліметтер

Жұмысбастылығы	Қарыз алушы	Теңқарыз алушы
Негізгі жұмысы		
Ұйымның атауы	ПД	Қазақмыс корпорациясы
Мекен-жайы	Сатпаев көшесі, 23/45	
Ұйымда жұмыс жасау уақыты	20 жыл	15 жыл
Қызметі	Бөлім бастығы	Лаборатория меңгерушісі
Жұмыс телефоны	76-55-00	76-23-03
Қосымша жұмысы		
Ұйымның атауы		
Мекен-жайы		
Ұйымда жұмыс жасау уақыты		
Қызметі		
Жұмыс телефоны		

7. Кепілде тұрған жанұяның мүлкі туралы мәліметтер

Атауы	Несие сомасы	Алған күні	Қайтарған күні	Қалған қарызы
БанкТұранӘлем	600000 теңге	12.10.2004 ж.	12.10.2008 ж.	300000 теңге

8. Жанұяның табыстары туралы мәліметтер

Айлық табысы	Қарыз алушы	Теңқарыз алушы
Негізгі жұмыс орнындағы жалақысы	360 000 теңге	200000 тенге
Қосымша жұмысы бойынша жалақысы		
Кәсіпкерлік табысы		
Жалға беруден алатын табысы		
Зейнетақысы, шәкіртақысы		

Салымы және бағалы қағаздары бойынша алатын пайыздары		
Өзгелері		

9. Жанұяның шығыстары туралы мәліметтер

Айлық шығыстары	Қарыз алушы	Тенқарыз алушы
Бірінші қажеттіліктегі тауарлар (тамақ, киім, және т.б.)	50000	50000
Коммуналдық және телефон қызметі үшін төлемдер	15000	
Ұялы байланыс, Интернет, кабельдік теледидар шығыстары	15000	10000
Көлікке кететін шығыстар	10000	10000
Жылжымайтын мүлікті жалдауға кететін шығыстар		
Білім алуға жұмсалатын шығыстар	10000	
Мәдени демалыс шаралары, спортпен айналысы шығыстары	50000	20000
Өзге несиелер үшін төлемдер	20000	
Туыскандарға көмек	10000	
Өзгелері	20000	10000
Барлығы	200000	100000

10. Сатып алатын тауарлары туралы мәліметтер

Сатушының атауы немесе аты-жөні	Электроника дүкені		
Тауардың атауы	Теледидар		
Тауардың сипаты	БО, диагоналы, сұйық кристалды экраны бар		
Құны	5000 АҚШ доллары		
Бастапқы жарна сомасы	1500	несиенің сомасынан 30 %	

11. Сатып алатын автомобилі туралы мәліметтер

Сатушының атауы немесе аты-жөні	Тойота орталығы
Маркасы	Тойота камри
Шыққан жылы	2006 ж.
Двигатель көлемі	2,2
Құны	20000 АҚШ доллары
Бастапқы жарна сомасы	3000 АҚШ доллары, несиенің сомасынан 15 %

12. Сатып алатын пәтері немесе үйі туралы мәліметтер

Үйдің атауы (пәтер/үй, бөлмелерінің саны)	3 бөлмелі пәтер		
Мекен-жайы	Жетісу -1, 12 үй 25-пәтер		
Телефоны	22-21-12		
Сатушының аты-жөні	Құсайынов Эдуард		
Жалпы көлемі, шаршы метр	84	Тұрғын алаңы 66	
Ғимараттағы қабат саны	9	Қабаты 8	
Жер телімшесінің көлемі			
Үйдің келісілген құны	100000 АҚШ доллары		
Бастапқы жарна сомасы	30000	несиенің сомасынан 30%	

«Банк ісі» пәнінен тест тапсырмалары

- Қарыз алушы дегеніміз кім?
 - Несиені беруші тұлға
 - Белгілі бір соманы қайтарумен кепілге өз иесіне алатын тұлға
 - Мемлекеттік мекеме
 - Банк менеджері
- Орта мерзімді несие мерзімі:
 - 1-3 жыл

- Б) 3-9жыл
 - С) 1жылға дейін
 - Д) 5-7 жыл
3. Қазіргі таңдағы Ұлттық банк төрағасы кім?
- А) Григории Марченко
 - Б) Алтынбек Асанов
 - С) Ғани Қасымов
 - Д) Қайрат Келімбетов
- 4.Пайыздық табысты есептеудің әдістерін көрсет:
- А) Жай және қарапайым әдіс
 - Б) Жай және күрделі пайыздар әдісі
 - С) Күрделі және сенімді әдіс
 - Д) Табысты және қарапайым әдіс
5. Несиелеу кезеңі қанша:
- А) 9
 - Б) 8
 - С) 2
 - Д) 4
- 6.Несие алу үшін қажетті құжаттар:
- А) Жеке куәлік көшірмесі, үй кітапшасының көшірмесі,РНН
 - Б) Орта білім туралы куәлік, РНН, СИК
 - С) Диплом, Жеке куәлік көшірмесі,Қолхат
 - Д) Сенімхат, Жеке куәлік көшірмесі, СИК
7. Несиелік келісім-шарт неше данада толтырылады:
- А) 8
 - Б) 5
 - С) 2
 - Д) 10
8. Банк ең біріншеден мыналарға тәуелді:
- А) Несие менеджеріне
 - Б) Депозит ұстаушыларға
 - С) Салық органдарына
 - Д) Басқа банктерге
9. Неселеу принциптерін көрсет:
- А) Мерзімділік, қайтарылмауы
 - Б) Қамтамасыз етілуі, мерзімділігі, ақылшылығы
 - С) Ақылшылығы, салалығы
 - Д) Әр түрлілігі, мерзімділігі
10. Несиелік механизм бұл-
- А) Несиелік қарым-қатынастың тиімділігі
 - Б) Несиелік жүйе, оны іске асырмау әдістерінің жиынтығы
 - С) Нарықтық қатынастарға сай экономиканың тиімділігін қамтамасыз ететін, несиелік қағида-тар және әдістерінің жиынтығы.
 - Д) Кәсіпорынның дамуын тежитін тәсілдерді жоғарлатуға бағытталған экономикалық мәселелердің жиынтығы.
- 11 Ұлттық банктің басқарма аппараты неше адамнан тұрады:
- А) 9
 - Б) 8
 - С) 2
 - Д) 4
12. Құқықтық кепілзінті көрсет:
- А) Жер

- Б) Пәтер
- С) Сауда белгісі
- Д) Автокөлік

13. Скоринг жүесінің топтары:

- А) Қауіпті, кедергісіз, тұрақты
- Б) Тұрақты, қауіпті, тұрақсыз, қанағаттанарлық
- С) Тұрақсыз, қанағаттанарлық, кедергісіз, қауіпті
- Д) Белсенді, тұрақты, тұрақсыз, сенімді

14. Тұрлаулы кепілзатты көрсет:

- А) Патент
- Б) Пәтер
- С) Сауда белгісі
- Д) Лицензия

15. Банк клиенттің несиелік құжаттарына қандай сараптама жүргізеді:

- А) Несиелік және қарыздық
- Б) Несиелік және заңды
- С) Заңды және заңсыз
- Д) Мерзімді және заңды

16. Бантің меншікті капиталына мыналар кіреді:

- А) Жарғылық капитал, резервтік капитал, қосымша капиталдар
- Б) Табыс, қосымша капиталдар, негізгі құралдар
- С) Төленбеген капитал, тауарлар, жарғылық капитал
- Д) Активтер, міндеттемелер, резервтік капитал

17. Алғашқы банктер қайда пайда болды:

- А) Германияда
- Б) АҚШ
- С) Қытайда
- Д) Италияда

Әдебиеттер тізімі

1. Г.С.Сейткасимов, К.М.Маулетов, А.А.Мусина «Банк ісі» Астана 2008г.
2. Исакова З.Д. «Банк ісі», Караганда 2009г.
3. А.А.Абишев «Банк ісі», Алмата 2010г.
4. Г.С.Сейткасимов «Банк ісі», Астана 2010г.
5. Жыл сайынғы Президенттің халыққа Жолдауы.

Қосымша әдебиеттер

1. ҚР Азаматтық Кодексі . Өзгерістер мен толықтыруларымен 4 мамыр 2011жыл.
2. «ҚР Ұлттық банкі туралы» Заң от 30 наурыз 1995жыл